

Банктік емес сектордың 2013 жылғы 1 тамыздағы ағымдағы жағдайы

2013 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша республикамызда банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиясы бар 11 ұйым, оның ішінде 3 ипотекалық ұйым жұмыс істеп отыр.

№	Ұйымдардың атауы	01.01.2013	01.08.2013
1	Ипотекалық ұйымдар	3	3
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар	8	8
	Жиынтығы	11	11

Ипотекалық ұйымдар

Активтер. 2013 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің жиынтық мөлшері 142,6 млрд. теңгені құрады, бұл 2013 жылғы 1 қаңтардағы көрсеткіштен 32,5 млрд. теңгеге немесе 29,5%-ға көп.

Ипотекалық ұйымдар активтерінің жалпы сомасындағы маңызды үлесті клиенттерге берілген қарыздар 61,4%-ды (87,6 млрд. теңгені) құрап отыр, ал бағалы қағаздар үлесіне – 16,1% (23 млрд. теңге), басқа банктерге орналастырылған салымдарға – 14,7% (21 млрд. теңге) келіп отыр.



Ипотекалық ұйымдардың жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы	01.01.2013		01.08.2013		Өсімі %-бен
	млрд. теңге	жиынтығы на %-бен	млрд. теңге	жиынтығы на %-бен	
Ақша	0,1	0,1	0,1	0,1	0,0%
Корреспонденттік ағымдағы шоттар	0,4	0,4	3,3	2,3	8,3 есе
Бағалы қағаздар	23,6	21,4	23	16,1	-2,5%
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	26,5	24,1	21	14,7	-20,8%
"Кері РЕПО" операциясы	0,0	0,0	0,0	0,0	-
Клиенттерге берілген қарыздар	55,4	50,3	87,6	61,4	58,1%
Негізгі қаражат және материалдық емес активтер	3	2,7	3,5	2,5	16,7%
Клиенттерге ХҚЕС талаптары бойынша берілген қарыздар және қаржы лизингі бойынша резервтер (провизиялар)	-3,7	-3,4	-4,1	-2,9	10,8%
Басқа активтер	4,8	4,4	8,2	5,8	70,8%
Активтердің барлығы	110,1	100	142,6	100	29,5%

Кредиттік портфель. 2013 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфелі 87,6 млрд. теңге болды, бұл 2013 жылдың басындағы көрсеткіштен 32,2 млрд. теңгеге немесе 58,1%-ға көп.

2013 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфеліндегі ең көп үлеске «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ ие болды – 99,4%.

2013 жылғы 01 тамыздағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфеліндегі мерзімі өткен берешектің үлес салмағы 0,56%-ды құрады (немесе 492 млн. теңге), оның ішінде 90 күннен аса мерзімі өткен берешегі бар қарыздар 0,54% (немесе 470 млн. теңге).


Есепті күнге құрылған провизиялар 4,1 млрд. теңгені құрады (ипотекалық ұйымдардың несие портфеліндегі құрылған провизиялардың үлес салмағы 4,7%).



Міндеттемелер. Ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің жиынтық мөлшері 2013 жылдың басындағы деректермен салыстырғанда 24,2 млрд. теңгеге немесе 28%-ға көбейіп, 2013 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 110,6 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте Ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымында айналысқа шығарылған бағалы қағаздар көп (61,2%).

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	01.01.2013		01.08.2013		Өсімі %-бен
	млрд. теңге	жиынтығына %-бен	млрд. теңге	жиынтығына %-бен	
Алынған қарыздар	30,5	35,3	28,2	25,5	-7,5%
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	50,5	58,4	67,7	61,2	34,1%
Басқа кредиторлар	0,2	0,2	4,0	3,6	20 есе
Басқа міндеттемелер	5,2	6,0	10,7	9,7	2,1 есе
Міндеттемелердің барлығы	86,4	100	110,6	100	28%

Ипотекалық ұйымдардың міндеттемелерінің құрылымы



Капитал

Ипотекалық ұйымдардың балансы бойынша меншікті капиталы 2013 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 32 млрд. теңге болды, бұл 2013 жылғы 1 қаңтардағы көрсеткіштен 8,3 млрд. теңгеге көп.

2013 жылдың басынан бастап есептік меншікті капитал 14,3 млрд. теңгеге көбейіп, 2013 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 38,7 млрд. теңге болды.

Меншікті капиталдың жеткіліктілігі	01.01.2013	01.08.2013
Төленген жарғылық капитал (оның ішінде қосымша капитал), млрд. теңгемен	35,2	48,0
Есептелген меншікті капитал, млрд. теңгемен	24,4	38,7
Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті ($k_1 \geq 0,06$)	0,208	0,230
Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті ($k_1 - 2 \geq 0,06$)	0,241	0,271
Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті ($k_1 - 3 \geq 0,12$)	0,258	0,320

Кірістілік. 01.01.2013ж. бастап 01.08.2013ж. дейінгі кезеңде ипотекалық ұйымдар 4,1 млрд. теңге мөлшерінде шығынға ұшырады. Кірістердің жиынтық мөлшері 2013 жылғы 7 айда 4,8 млрд. теңге (2012 жылғы 1 шілдеде – 6 млрд. теңге) болды, шығыстардың жиынтық мөлшері – 8,9 млрд. теңге (2012 жылғы 1 шілдеде – 5,9 млрд. теңге) болды.

Ипотекалық ұйымдардың кірістілігі, млрд. теңгемен	01.08.2012	01.08.2013	Өсімі, %-бен
Сыйақы алумен байланысты кірістер	4,5	4,3	-4,4%
Сыйақы төлеумен байланысты шығыстар	4,9	4,8	-2,0%
Сыйақы алумен байланысты емес кірістер	2,2	0,5	-77,3%
Сыйақы төлеумен байланысты емес шығыстар	1,9	4,1	2,2 есе
Таза кіріс (шығын)	-0,1	-4,1	-41 есе

Пайыздық кірістер құрылымында клиенттерге қойылатын талаптар бойынша сыйақы алумен байланысты кірістер (65,1% немесе 2,8 млрд. теңге), ал пайыздық шығыстар құрылымында – банк қызметінен басқа да шығыстар (81,3% немесе 3,9 млрд. теңге) біршама көп үлес алады.

Ипотекалық ұйымдардың пайдасы (шығыны), млрд. теңге

